

2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 184 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 маусымда № 4145 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2013 жылғы 5 маусымға дейін белгіленсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 6 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Е. Ахметов

Ә к і м д і к т і ñ

2 0 1 3 жылғы 3 1 мамырдағы

№ 184 қаулысына қосымша

2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жазғы бидай	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
	Күздік бидай	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін
	Күздік кара бидай	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін
		15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін

2	С ұ л ы А р п а Т а р ы Қарақұмық		15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
			15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
			15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
3	Бұршақ дақылдар	тұқымдас	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
4	Майлы дақылдар		15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін
5	Картоп		10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
6	Көкөністер		25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
7	Бақша дақылдары		25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
8	Жемшөптік дақылдар		15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
9	Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптер		Бірінші мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін,
			екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
10	Шабындық шалғындандыру егілген шөптер	жерлерді үшін көпжылдық	Бірінші мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін,
			екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
11	Сүрлемдік күнбағыс	жүгері мен	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК